

## Көше атауын беру туралы

Атырау облысы Қызылқоға ауданы Ойыл ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 20 желтоқсандағы № 27 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 3 қаңтарда № 4024 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37 бабына сәйкес, Атырау облыстық ономастика комиссиясының 2017 жылғы 17 қарашадағы қорытындысы негізінде Ойыл ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қызылқоға ауданы Жасқайрат ауылындағы жаңа көшеге "Тәуелсіздік көшесі" атауы берілсін.

2. Осы шешімінің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Округ әкімі*

*М. Жексенов*